

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыз N 991

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 маусымдағы N 832 қаулысын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің базасында табиғи тасты өндіру мен өңдеу жөніндегі өндірісті ұйымдастыруға арналған инвестициялық кредиттің екінші кезегінің қаржыландыруы уақытында ашылуы және кредиттеудің бірінші кезеңі жөніндегі Үкімет кепілдігін ресімдеу үшін төленетін төлемдер бойынша ішкі істер министрлігінің берешегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджет пен кредиттеудің бірінші кезеңі жөніндегі Үкімет кепілдігін ресімдеу үшін республикалық бюджетке берешегі бар Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі арасындағы 13452 мың (он үш миллион төрт жүз елу екі мың) теңге сомасындағы қарызға біржолғы есептеме жүргізісін;

аталған соманы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қаржыландыру есебіне есептесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі